

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №112 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2015 жылғы 16 қазандағы № 32 шешімі

Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы **Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қосылуына байланысты** Қырғыз Республикасының **Еуразиялық экономикалық кеңес туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі шарттар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырдағы Хаттаманың 61-тармағын іске асыру мақсатында** Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешті:

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы үшін **Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шектеулердің, алып қоюлардың, қосымша талаптар мен шарттардың жеке ұлттық тізбесін бекіту туралы**" 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 112 шешіміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:

<i>Армения</i>	<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Қырғыз</i>	<i>Ресей</i>
<i>Республикасынан</i>	<i>Республикасынан</i>	<i>Республикасынан</i>	<i>Республикасынан</i>	<i>Федерациясынан</i>

Жоғары Еуразиялық
экономикалық кеңестің
2015 жылғы 16 қазандағы
№32 шешіміне
ҚОСЫМША

**Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің
2014 жылғы 23 желтоқсандағы №112 шешіміне енгізілетін
ӨЗГЕРІСТЕР**

**1. Атауындағы және 1-тармақтағы "Қазақстан Республикасы" деген сөздерден кейін ",
Қырғыз Республикасы" деген сөздермен толықтырылсын.**

2. Аталған Шешіммен бекітілген, Армения Республикасы үшін Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі шектеулердің, алып қоюлардың, қосымша талаптар мен шарттардың жеке ұлттық тізбесін бекіту кестесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары Еуразиялық
экономикалық кеңестің
2014 жылғы 23 желтоқсандағы
№112 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН"

3. Қырғыз Республикасы үшін Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі шектеулердің, алып қоюлардың, қосымша талаптар мен шарттардың мынадай мазмұндағы жеке ұлттық тізбесімен толықтырылсын:

"Жоғары Еуразиялық
экономикалық кеңестің
2014 жылғы 23 желтоқсандағы
№112 шешімімен

**Қырғыз Республикасы үшін Еуразиялық экономикалық
одақ шеңберінде шектеулердің, алып қоюлардың,
қосымша талаптар мен шарттардың ЖЕКЕ ҰЛТТЫҚ ТІЗБЕСІ**

Шектеулердің, алып қоюлардың, қосымша талаптар мен шарттардың сипаттамасы	Шектеулердің, алып қоюлардың, қосымша талаптар мен шарттардың типі (Шартқа №16 қосымшаның тармақтары)	Халықаралық шарт, нормативтік құқықтық акт
Қызметтер көрсету саудасы, инвестициялар құру, қызметі және инвестицияларды жүзеге асыру туралы хаттаманың 38-тармағы 1 тармақшасының негізінде (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (бұдан әрі – Шарт) №16 қосымша) Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде қызметтер көрсетудің бірыңғай нарығы жұмыс істейтін қызметтер көрсету секторларында шектеулер, алып қоюлар, қосымша талаптар мен шарттар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 23 желтоқсандағы шарт күшіне енген күннен бастап қолданылмайды. Қызметтер көрсету саудасы, инвестициялар құру, қызметі және инвестицияларды жүзеге асыру туралы хаттаманың 38-тармағы 1 тармақшасының негізінде Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде қызметтер көрсетудің бірыңғай нарығын қалыптастыру ырықтандыру жоспарларына сәйкес жүзеге асырылатын қызметтер көрсету секторының (кіші секторларының) тізбелерінде шектеулер, алып қоюлар, қосымша талаптар мен шарттар осындай ырықтандыру жоспарлары іске асырылғаннан кейін қолданылмайды. Осы тізбенің екінші бағанында көрсетілген №16 қосымшаның тармақтарын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) осы тізбенің бірінші бағанында көрсетілген көлемде және жағдайларда қолданады. Осы тізбе Шарттың 66 және 67-баптарына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.		
1. Шарттың XVI, XIX, XX және XXI бөлімдерінде қамтылатын қызметтер көрсету мен қызмет түрлеріне қатысты Қырғыз Республикасы Көрсетілген бөлімдерге сәйкес мүше мемлекеттер арасында қол		Шарт

жеткізілетін көрсетілген бөлімдер мен уағдаластықтарға қайшы келмейтін бөлігінде Қырғыз Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық шарттарына сәйкес шектеулерді, алып қояларды, қосымша талаптар мен шарттарды колдану құқығын сақтайды.	16,17,23,26, 28,31,33 және 35-тармақтар	Қырғыз Республикасының халықаралық шарттары Қырғыз Республикасының нормативтік құқықтық актілері
2. Жүзеге асыру үшін лицензия талап етілетін қызметті Қырғыз Республикасының заңды тұлғалары немесе Қырғыз Республикасында белгіленген тәртіппен тіркелген дара кәсіпкерлер ғана жүзеге асыра алады. Жүзеге асыру үшін лицензия талап етілетін қызмет түрлері, сондай-ақ лицензиаттың ұйымдық-құқықтық нысанын айқындау тәртібі Қырғыз Республикасының заңнамасымен белгіленеді.	23, 26 және 31-тармақтар	"Қырғыз Республикасындағы лицензиялық-рұқсат беру жүйесі туралы" 2013 жылғы 19 қазандағы Қырғыз Республикасының №195 Заңы
3. Бұқаралық ақпарат құралдарын құру құқығы Қырғыз Республикасының қоғамдық бірлестіктеріне, ұйымдарының еңбек ұжымдарына және азаматтарына тиесілі. Осы шектеулерді Қырғыз Республикасы, егер мұндай шектеулер Қырғыз Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу шеңберінде өзі қабылдаған және 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Қырғыз Республикасының қосылуы туралы 1998 жылғы 14 қазандағы хаттамада көзделген міндеттерін орындаумен сыйымсыз болған жағдайларда, қолданбайды.	26 және 31-тармақтар	"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1992 жылғы 2 шілдедегі Қырғыз Республикасының №938-ХІІ Заңы
4. Коньяк спиртін қоспағанда, этил спиртін өткізуді оны	33-тармақ	"Этил спиртінің және алкоголь өнімдерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы"

өндірген немесе импорттаған заңды тұлғалар ғана жүзеге асырады.		2009 жылғы 13 қазандағы Қырғыз Республикасының №269 заңы
5. Қырғыз Республикасында адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алған және Адвокатураның мүшесі болып табылатын Қырғыз Республикасының азаматтары ғана адвокат бола алады. Адвокаттардың ғана қылмыстық істер бойынша білікті заңдық көмек көрсетуге құқығы бар.	23, 26 және 35-тармақтар	"Адвокатура және адвокаттық қызмет туралы" 2014 жылғы 14 шілдедегі Қырғыз Республикасының № 135 Заңы
6. Қырғыз Республикасының азаматы ғана жекеше нотариус бола алады. Осы шектеулерді Қырғыз Республикасы, егер мұндай шектеулер Қырғыз Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу шеңберінде өзі қабылдаған және 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Қырғыз Республикасының қосылуы туралы 1998 жылғы 14 қазандағы хаттамада көзделген міндеттерін орындаумен сыйымсыз болған жағдайларда, қолданбайды.	23 және 35-тармақтар	"Нотариат туралы" 1998 жылғы 30 мамырдағы Қырғыз Республикасының № 70 Заңы
7. Қырғыз Республикасының азаматы ғана сот сарапшысы бола алады	23,26 және 35-тармақтар	"Сот-сараптамалық қызмет туралы" 2013 жылғы 24 маусымдағы Қырғыз Республикасының № 100 Заңы
8. Қырғыз Республикасының аумағында тұрақты тұратын оның азаматы ғана патенттік сенім білдірілген адам болып тіркеле алады	26-тармақ	"Патенттік сенім білдірілген адам туралы" 2001 жылғы 19 ақпандағы Қырғыз Республикасының № 24 Заңы
9. №16 қосымшаның 6-тармағы 22) тармақшасының екінші және төртінші абзацтарында көрсетілген қызметтер көрсетуді жеткізу тәсілі арқылы қызметтер көрсету сауда-саттығына қатысты		Қырғыз Республикасындағы қызметтер көрсетуге қатысты және 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне

Кыргыз Республикасынын аумагында пошталык кызметтер көрсету бойынша колжетимдилек пен кызметке катысты кез-келген шараларды енгизу мен колдану мүмкюндиги сакталады	23 және 26-тармактар	Кыргыз Республикасынын қосылуы туралы 1998 жылғы 14 қазандағы хаттамадан туындайтын Кыргыз Республикасынын халықаралық міндеттері
10. Кыргыз Республикасындағы жекеше детектив және күзет кызметін Кыргыз Республикасынын заңды және жеке тұлғалары ғана жүзеге асыра алады	23 және 26-тармактар	"Жекеше детектив және күзет кызметі туралы" 1996 жылғы 1 шілдедегі Кыргыз Республикасынын №35 Заңы
11.Кыргыз Республикасынын Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу шеңберінде өзі қабылдаған және 1994 жылғы 15 сәуірде Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Кыргыз Республикасынын қосылуы туралы 1998 жылғы 14 қазандағы хаттамада көзделген міндеттерін орындаумен сыйымсыз шараларды қоспағанда, тізбесін Кыргыз Республикасынын Үкіметі белгілейтін жалпы мемлекеттік маңызы бар объектілер бойынша жер қойнауын пайдаланумен байланысты кызметке қатысты шараларды енгизу және колдану мүмкюндиги сакталады	16, 17, 23, 26, 31, 33 және 35-тармактар	"Жер қойнауы туралы" 2012 жылғы 9 тамыздағы Кыргыз Республикасынын № 160 Заңы Кыргыз Республикасындағы кызметтер көрсетуге қатысты және 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Кыргыз Республикасынын қосылуы туралы 1998 жылғы 14 қазандағы хаттамадан туындайтын Кыргыз Республикасынын халықаралық міндеттері
12. Есірткі, психотроптық заттарды және олардың прекурсорларын әзірлеуді, өндіруді, дайындауды, өңдеуді, сақтауды, тасымалдауды, жөнелтуді, босатуды, сатуды, бөлуді, сатып алуды, пайдалануды Кыргыз Республикасынын заңды және жеке тұлғалары ғана жүзеге асырады. Есірткі, психотроптық заттарды және олардың прекурсорларын әкелуді, әкетуді және олардың транзитін Кыргыз Республикасынын заңды тұлғалары ғана жүзеге асырады.	16, 17, 23, 26, және 31-тармактар	"Лицензиялық рұқсат беру жүйесі туралы" 2013 жылғы 19 қазандағы Кыргыз Республикасынын №195 Заңы "Есірткі, психотроптық заттар және олардың прекурсорлары туралы" 1998 жылғы 22 мамырдағы Кыргыз Республикасынын № 66 Заңы "Кыргыз Республикасынын есірткілерді бақылау жөніндегі органы туралы" 2013 жылғы 11 наурыздағы Кыргыз Республикасынын №39 Заңы

13. Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау мен сатып алуды жүзеге асыруға құқығы бар ұйымдардың тізбесі Қырғыз Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленеді*	31-тармақ	"Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау, сатып алу, өңдеу және сату тәртібі туралы уақытша ережені бекіту туралы" 2001 жылғы 25 сәуірдегі Қырғыз Республикасының №192 Заңы
---	-----------	---

- 2017 ж. 12 ақпанға дейін қолданылады

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК